

340.115845

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР**
**POLITICAL AND LEGAL THOUGHT IN THE INFANCY OF THE
KAZAKH KHANATE**

Шынғыс ЕРГӨБЕК*

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан тарихында ең маңызды орын алатын қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-құқықтық ойлар ғылыми негізде саралады. Және хандықтың құрылу, нығаю кезеңін, саяси тәуелсіздіктен айрылу кезеңін түркі құқығы мен мемлекет философиясы түргышынан қарастырады.

Кілт сөздер: реформа, құқық, ру, мемлекеттік орган, саяси-құқықтық ой.

Summary

In an article in a scientific basis clarified political and legal thought in the infancy of the Kazakh Khanate, which is the most important place in the history of Kazakhstan. And also considered periods of education, strengthen the Khanate, loss of political independence from the perspective of law and philosophy of the Turkic states.

Keywords: reform, law, clan, state agency.

Қазақ хандығының құрылу дәуірі Еуразия алқабындағы терең этникалық процестердің орын алуымен ерекшеленеді. Саяси процестердің күрделенуі Еуразия кеңістігіндегі жаңа мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына, ғасырлар бойы жалғасқан дәстүрлердің орнын жаңа үрдістер басып, бірқатар ұлттардың қалыптасуына алды келді. Бұл бұрын іргелі елдер қалыптастырған монгол-түрік мәдениетінің терең дағдарысы еді. Осы кезеңдегі аймақтағы жүргізіліп жатқан процестердің күрделілігі кейінгі пайда болған мемлекеттердің жаңа даму кезеңіне өтуімен ерекшеленеді. Саяси ыдырау мен ұлттың қалыптасу процесі бұл аймақтың өзін - өзі айқындауына мүмкіндік берді. «XV-XVIII века были для казахов временем их интенсивной консолидации в единую народность и образования самостоятельной казахской государственности, на основе интеграции родов и племен, близких между собой по признакам форм хозяйствования и быта, искусства и культуры и т.д.» [1. 110].

* Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

Академик Бартольд Орта Азиядағы саяси процестерді былай түсіндіреді: «... Шейбани потерпел поражение в северных степях от части узбецкого народа, отделившейся от главной массы узбеков при Абулхайре и за это получившей название казак, как называли среди кочевников людей, отделившихся от своего государства и находившихся с ним в состоянии войны» [2. 182].

Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-құқықтық ойлардың бұрынғы мемлекеттер дәстүрімен тығыз байланысы бар. Бұл жөніде Елбасымыз Н. Назарбаев: «XV ғасырдың аяқ кезінен бастап қазақтар, өзбектер және басқа да халықтар этностық тұрғыдан бір-бірінен беліне бастады. Мұның өзі көптеген ғасырлар бойы жүріп келген этногенетикалық терең үрдістердің нәтижесі еді» [3. 113], – деп түсіндіреді.

Түркі мемлекеттеріндегі билеуші органдар жүйесінің Қазақ хандығының мемлекеттік институттарына ықпал етуі хандықтың осы саяси жүйенің мұрагері ретінде қалыптасуымен тығыз байланысты. Сондықтан Қазақ хандығының саяси-құқықтық ойлар тарихы бірінші кезекте, түркі мемлекеттеріндегі саяси-құқықтық идеялардың философиялық жалғасы, шырқау шегі деп қарастырған маңызды. Қазақ халқы өзге түркі халықтарынан гөрі ата-бабаларының тілін, әдет-ғұрпын көп өзгерістерге ұшыратпай, таза жеткізіп отырғанын ғалымдар сан мәрте айтып келеді. Н. Өсерұлы халқымыздың осы ерекшелігін былай айқындайды: «Оның басты себебін томага-тұйық феодалдық-патриархаттық тұрмыс кешкен ата-бабамыз басқа халықтарға араласып, олардың мәдениетін, заңын, дәстүр-салтын қабылдай бермегендігінен деп санаймыз» [4. 6].

Хандықтың құрылу, нығаю кезеңін, саяси тәуелсіздіктен айрылу кезеңін де еуропалық көзқараспен емес, түркі құқығы мен мемлекеті философиясы тұрғысынан қарастыру маңызды. Себебі «в основу законодательства казахских ханов положен огромный опыт государственной организации, административной, финансовой, податной систем тюрков, ранее пригодившейся и монголам, и Руси, и другим европейским странам» [5, 108].

Тіпті бүгінгі мемлекет тұрғысынан қарағанның өзінде ғалымдар бірқатар қайшылықты тұжырымдарға жол беруі мүмкін. Қазақ хандығының мемлекеттік реформаларының, билік органдарының дәстүрлі институттарға жақындығы да сондықтан.

XV ғасырдың екінші жартысында Керей мен Жәнібек хандар - Қазақ хандығының негізін қалады. Жас кезінен жаужурак, батыр

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

болып өскен Керей хан өзінің батыл саяси көзқарастарымен ерекшеленеді. Қошпелі Өзбек хандығының билеушісі Әбілхайыр ханың парсы мәдениеті мен отырықшылыққа көп көңіл бөліп, салық саясаты мен қошпелі халық үшін ең маңызды болып табылатын еркітілік пен еркіндікке қол сүққандығы үшін көшіп кетуге мәжбүр болады [6. 12; 7. 152; 8. 110-111; 9. 125; 10. 31].

Қазақ хандығының бөлініп кетуі туралы мынадай дәйек келтіріледі: «... Алтын Орданың сол кездегі ханы Әбілхайыр ханың Дайырқожа деген сүйікті қазысы болыпты. Ол - қара қылды қақ жарған әділ жан екен. Осы әділдігі арқасында ол Ақжол атаныпты. Осымен қатар, Қара Қыпшақ Қобыланды да Әбілхайыр ханың ардақты адамы болыпты. Бірақ, Дайырқожа мен Қобыланды өш екен. Осы өштікпен бір күні Қобыланды Дайырқожаны жарып өлтіріпті. Содан кейін Дайырқожаның жағының басты адамы Жәнібек Әбілхайыр ханнан Қобыландының басын сұрапты – жанға-жан алмақ болыпты. Әбілхайыр Қобыландыны берсе, қалың қыпшақ бұзылады. Сондықтан хан Жәнібекке үш кісінің құнын алып біт деңті. Жәнібек оған көнбепті. Сонан кейін Жәнібек бірсызыра қазақ руларын соңынан ертіп, Алтын Ордадан бөлініп кетіпти» [11. 58; 12. 22-23].

Қазақ хандығының пайда болуына Дешт-и-Қыпшақтағы саяси дағдарыстың себеп болғандығы айқын. «Само по себе отложение Гирея и Джанибека от основной массы кочевых узбеков было лишь одной из распространенных в степи форм протеста наиболее самостоятельных султанов в период наибольшего ослабления власти Абу-л-Хайра и обострение противоречий внутри узбекского улуса» [13. 232].

Династиялық жанжалдар бұл кеңістіктеңін саяси-қоғамдық қатынастардың тез жүруіне жағдай жасады. «В середине XV в. в Дешт-и-Кипчаке резко обострилась династическая борьба. Побежденные бежали на северо-восток, к границам Могулистана, правители которого оказали им поддержку и отдали во владение Чуйскую и Таласскую долины. Там в 60-х годах XV в. была заложена основа первого казахского феодального государства. Ханы Могулистана не заинтересованные в укреплении складывавшегося узбекского государства, оказывали казахской знати некоторую помощь» [14. 40].

Жас хандықтың жаңа мемлекеттік органдарын құру мен жауғершілік заманда әскер құрудың жаңа принциптерін енгізу Қазақ хандығының болашақта іргелі хандық болуына кең жол апты. Жалпы сол кезеңде қалыптасқан гео-саяси жағдай күрделі болатын. Негізгі

күрес көзі Сырдария бойындағы қалалар үшін өрбіп, бұл соғыстар Орта Азия мен Қазақстанның басты қарсыласу мен күрес объектісіне айналды. Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақты жаулап алған Мәуереннахраға көз тігуі Қазақ хандарының Моголстан шекарасына көшуіне жағдай тудырды. Бұл бірінші кезекте Орда Ежен ұрпақтары мен Жошы ұрпақтарының басқа тармақтары арасында пайда болған келіспеушіліктің нәтижесі деп қарастыруға болады. Қазақ хандары бастаған 200 мың адамның айтарлықтай шығынсыз көшуіне жағдай жасады. «С Гиреем и Жанибеком, нет сомнения совершили тернистый путь амплитуды кочевания только приближенные и преданные им воины. Последние как первую родину – отчизну (Сарайское ханство), так вторую родину (Узбекистан) покинули ишли за своими ханами под различными импульсами: преданности ханам, воинская отвага, эмоция самосохранения, черта – привычка непокорных и будирующих сынов Золотой орды того времени к нескончаемым передвижениям, считая все уголки бывшей Золотой орды своей родиной» [15. 172].

Әрине Керей ханның жаңа мемлекетке деген өз көзқарасы бар еді. Керей бірінші кезекте, көшпелі мәдениетке тән әдет-ғұрып нормаларын қолдады. Мұндағы басты мәселе Шыңғыс ханның «Яссысының» шеңберінде шешілетін. Яғни «Қасым ханның қасқа жолына» дейін Қазақ хандығында ежелден қалыптасқан дәстүрлі құқыққа жол берілетін [16. 118]. Шыңғыс ханның «Яссысы» өте күрделі, әрі қатал нормативті актілерден тұратын. Көп құқық бұзушылықтар өлім жазасына жазаланатын [17. 32]. Қазақ хандарының бұл нормаларға арқа сүйеуі қатаандық талаптарының қажеттілігімен түсіндіруге болады.

Мемлекетті органдар жүйесінде ең жоғарғы билікті хан иеленетін. Ол өскердің бас қолбасшысы болып табылатын [18. 45].

Қазақ хандығында екі үлкен кастаны бөліп қарастыруға болады. Бұлар: төрелер мен қожалар [19. 41]. «... эти группы организованы корпоративно, внутренняя жизнь эндогамна, привелегии четко сформулированы. Носители фактической власти в кочевом обществе – родоплеменная знать, представляющая собой потестарную организацию казахов. Она стоит ступенью ниже, чем чингизиды и ходжи» [20. 68].

Төрелер барлық дерлік әкімшілік-атқарушы билікті өз қолдарына шоғырландырды. Ал қожалар болса рухани-діни билікті өз уысынан шығармауға тырысты. «Қожалар рухани көсем ретінде ақсүйектер тобына енгізіліп, оларға «төрелер» секілді жеңілдіктер берілді.

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

Мысалы, қожаны өлтіргендер жәй қарапайым адамдарға төленетін құнның мөлшерінен 7 есе артық, сөккені үшін ат-тон айып тартатынын айтсақ та жеткілікті» [21. 31].

Дегенмен қазақ қоғамында Ислам дінінің позициялары мықты болмады. Шоқан Үәлиханов бұл туралы: «Мусульманство пока не въелось в нашу плоть. Оно грозит нам разъединением народа в будущем. Между киргизами еще много таких которые не знают и имени Магомета, и наши шаманы во многих местах степи еще не утратили своего значения. У нас в степи теперь период двоечения, как было на Руси во времена преподобного Нестора» [22. 71]. Осы арқылы қожалардың қоғамдық ықпалының төмендігін түсіндіруге болады.

Қазақ хандығындағы бөлініс әкімшілік-территориялық принципке емес, тайпалық-рулық принципке негізделді. «В обществе, где были сильны пережитки родовых отношений, всякий вред, нанесенный отдельным членам рода, адресовался всем его членам. В таких условиях преступление представляет собой акт, направленный против общества в целом» [23. 228], - деп жазады поляк ғалымы С. Гросс.

Ру-қоғамның ең кішкентай ұясы ретінде қалыптасты. «Әр ру өз алдына көшіп-қонып, жеке ауыл болып танылды. Рудың негізгі ұйытқысы – туыстық, ағайындық қатынастар болып, ауқаттысы жағдайы төменіне көмектесті. «У ішсен руыңмен» деген принцип қалыптасты. Әр ру мүшесі өз руының шежіресін, жеті атасын жақсы білді. «Ру шежіресін білу – сахара тесінде көшіп-қонған қазактар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жұздік-қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі ғасырлар бойы бүкіл қазақ - бір атасың ұрпағы, бір тамырдың бұтағы деген үстаным бойынша өсіп-өркенден отырған... Мұндай біртұтастық тек қана рулық жүйе арқылы жүзеге асқан» [3. 34-35], - деп жазады Елбасымыз Н. Назарбаев.

Рулық басқару қазақ қоғамында бірқатар шектеулер туғызды. Ру тек туысқандық принцип негізінде құрылғандықтан бұл шектеулерді сақтау әрбір адамға міндетті болып табылатын. «Ру – адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі, туысқан адамдар тұратын қауымдастық. Оның мүшелері өзара некеге отырмайды. Барлық халықтар рулық дәуірден өткен. Қазіргі халықтардың кейбіреуінде рулық дәуірден қалған әдет-ғұрыптары, дәстүрлері әлі де сақталған. Қазақтың әдеті бойынша жеті атаға дейін қыз алмайды» [24. 23].

Әдетте руларды сол рудан шыққан ақсақалдар басқарды немесе кейбір жағдайларда төрелер хан көтеріліп басқару құқығына ие болды. Ру ақсақалының юрисдикциясына ішкі сот, өзара көмек беру, рудың

ішкі қатынастарының мәселелері жатты. «Каждый почетный киргиз-родоначальник знает всю генеалогию своего рода и, чтобы быть благовоспитанным и порядочным человеком, усердно изучает народное право под руководством старого бия, пользующегося в народе репутацией, юридическою известностью, и совершенствуется в красноречии, приобретая на память множество поговорок, пословиц, забавных анекдотов и употребляя их для украшения своих речей, а последнее обстоятельство – сообщение им занимательности и отчасти забавного юмористического характера, до которого киргизы большие охотники» [25,157-158].

Рулар өз кезегінде ұлыстарға, ал ұлыстар жүздерге бірікті. Кейбір ғалымдардың ойына сүйенер болсақ жүздік жүйе Қазақ хандығында Тәуке ханының тұсында енгізілген [11, 61; 26. 124].

Алайда бұл пікір ғылыми тұрғыдан жеткілікті негізделмеген. Мысалы: Ноғай хандығы ыдырағаннан кейін Кіші Ноғайлының бірқатар рулары Қазақ хандығына көшіп келіп Кіші жүздің [27. 253; 7. 109; 28. 253] негізін құрагандығы туралы деректерге сүйенер болсақ, бұл дәстүрдің Қазақ хандығы құрылған кезінен бастау алатындығын айқындауға болады [10,33]. Оның үстіне қазақтардың пайда болуы туралы аңыздардың барлығында дерлік Алаш ханының [3,151-152] үш ұлы жөнінде айттылады. Яғни, жузге бөлу принципі Қазақ хандығы құрылған дәуірден бастау алатындығында ешқандай күмән жоқ. Бұған ғалым М.А.Сәрсембаевтың мына пікірі дәлел бола алады: «Образовавшиеся в XV веке Казахское ханство, в XV-XVI веках казахские жузы (старший, средний, младший) были государствами феодально – патриархального типа, имевшие определенные государственные органы власти для осуществления как внутриполитических, так и внешне политических дел. Все эти казахские государственные образования были субъектами международного права феодализма, имевшими определенные права и отправляющими обязанности международного характера во взаимоотношениях с другими государствами и племенами. В период со времени возникновения и до окончательного присоединения к России (60-годы XIX в) казахские жузы вступали в политические, торгово-экономические отношения с Бухарским, Хивинским, Кокандским ханствами, Россией, Китаем и другими государствами. ... все жузы были субъектами феодального международного права, их международная правосубъектность проявлялась в отношениях каждого из них с другими государствами; отношения жузов между собой вряд

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

ли можно было определить как международно-правовые, так как они (жузы) представляли собой три части единой казахской народности» [29. 9-10].

Жоғарғы лауазымды қызметтің бәрін дерлік төре үрпақтары иеленетін. Алайда, бұл мәселеде бір тұрақты принциптің сақталмағандығы белгілі. Жаугершілік заманда тек ру емес, ұлыстарды басқарған батырлар мен билердің болғандығы тарихи факт. Сот ісін жүргізу ру ақсақалдары мен билерге, ал аса күрделі жағдай болғанда төрелерге жүктелгендігі белгілі. Осылайша төрелер мен қожалар құрайтын ақсүйектерден басқа, ұstem тап өкілдеріне билер мен батырларды [19. 113] жатқызуға болатындығы айқын. Билер институты жоғарыда айтқанымыздай түркі мемлекеттерінде де болған. Бұл туралы М. Вяткин: «Звание бия было широко распространено в казахском обществе. Его возникновение теряется еще в доказахском прошлом общества Депити-Кипчака. Оно встречается у ряда тюркских народностей, входивших в состав Золотой Орды. ... Это звание могло быть наследственным или приобреталось путем особого ханского пожалования. ... У казахов главу народа называют би (бий, князь)» [30. 101-105] - деп жазады.

Батырлар жайлы: «Широкое распространение звания батыров в XVII-XVIII в. в. – специфическая особенность казахского общества. Этого явления за рассматриваемое время не наблюдалось ни у узбеков, ни у каракалпаков, ни у киргизов. Звание батыра никогда не было наследственным, оно приобреталось только личными подвигами.

... Термин «батыр» был чрезвычайно распространен в казахском фольклоре и быту. Весь казахский героический эпос – это сказания о легендарных или исторических батырах.

... Термин «батыр» выступает как лишенный социального классового содержания. Вот почему так трудно определить общественную природу батыров в исторической действительности, в частности в XVIII в. он выступал как бытовой, а не социальный. «Батыров мы встречаем по преимуществу в среде родовых старшин» [30. 108-110], - дейді.

Жоғарыда айтылған қызметтердің көпшілігі сайланбалы негізде, беделді тұлғаларға берілетін.

Қазақ қоғамындағы құқықтық дәстүрлер, өсіресе, хандық билікке қатысты әдет-ғұрып нормалары хандық биліктің айтарлықтай әлсіздігін көрсетеді. Әрине, бұл билік әр хан тұсында өзгеше болды. Дегенмен, Керей хан тұсында да одан кейінгі кезеңдерде де хандық

біліктің атқарушы функциялармен шектелгендігі байқалады. Мәселе Шыңғыс хан дәуіріндегі құқықтық нормалар құрылтай үйімдарға кең өкілеттік бергендігі, бұдан кейінгі билік жүйесіндегі өзгерістерде хандық биліктің біртіндеп әлсіреуін түсіндіреді. Шыңғыс хан өз империясын құруда жаңа аристократияға негізделгендігі белгілі. Осы тарихи кезеңдегі биліктің күшті орталықтануы Шыңғыс ханның ескі элитаны толықтай дерлік жойып жіберуімен байланысты. «Нельзя забывать, что большая часть старой монгольской аристократии, особенно высшей, была Тэмуджином истреблена в ходе долгой и кровопролитной борьбы, в некоторых отношениях напоминавшей гражданские войны. По существу, на исходе этой войны возникла новая аристократия, состоявшая из сородичей Тэмуджина, лиц, выдвинувшихся в период его борьбы за объединение монголов, и, лишь отчасти, старой кочевой знати. Это обстоятельство облегчило его реформу, направленную на прочное объединение монгольских племен» [31. 375].

Шыңғыс ханнан кейін бұл рулық, тайпалық элита өзінің позицияларын нығайтып, мемлекеттік істерге араласудың көптеген тетіктерін қолдана алды. Үш жүздің өздерін «хандар» басқарғандығын ескерсек, Қазақ хандығының басында, «бас хан» немес ескі түркі дәстүрі бойынша «қаған» отырды. Мәселе, Қазақ хандығының мемлекеттік құрылышында жүздер мен ұлыстарға кең функциялар беріліп отырған. Қағанның элитага тәуелділігі, жергілікті сегменттің өкілеттігінің кеңейіп, кей жағдайларда ұлыстардың өзіне хан сайлан алу үрдісі байқалады. Бірақ Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде мұндан үрдістер ақылды екі ханмен де шектеліп отырды. «Следует, впрочем, сказать, что представление о политическом единстве казахов, возможно, даже с откочевки Керея и Джанибека в 1465-1466 гг., не более как иллюзия. Известно, что почти во все времена существования Казахского ханства было сразу несколько лиц, носивших титул хана. Традиция идет от Керея и Джанибека – они оба имели титул хана. Одновременно во времена правления Касима, Хакк-Назара, Шигая титул хана носили и некоторые из их братьев. Следовательно, в истории казахских ханств наличие старшего и младшего ханов или нескольких независимых ханов было, видимо, постоянным и тривиальным явлением» [32. 176].

Осылайша Керей мен Жәнібек хандардың саяси-құқықтық ойлары Қазақ хандығының кейінгі кезеңінде белен алуды мүмкін сепаратизмді шектеу мақсатында бірқатар реформалар жасауға мәжбүрледі. Хандық

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

титулдың бірнеше адамға берілуі бірінші кезекте, таққа дайындау процесімен түсіндіріледі. Көп жағдайда болашақ тақтың иегері де хандық титулға ие болатын. Себебі, Керей мен Жәнібек мысалының өзінде хандық титулды екі саясаткер де иеленгенімен, алдымен хандық таққа Керей, кейінгі кезеңде Жәнібек отырды. Мұны барлық хандардың ішкі саясатына тарауы, Керей мен Жәнібектің саяси-құқықтық ойларында «хан» титулын келешек ханға беру арқылы оның беделін көтеруді көздегендігі айқындалады. Уақыт өте келе жергілікті сепаратизмнің күшеюі бұл институттың өзгеріп, Қазақ хандығының ыдырауына әкелді. Бұл процестер өсіреле, Тәуке ханның билік құрған кезеңімен тығыз байланысты. Тәуке хан реформаларына сәйкес «кіші хан» институты Әбілқайырдың хан болып сайлануына кедергі келтіретін факторға айналды. Қазақ хандығының Ресей империясының құрамына кіруі де белгілі дәрежеде осыған байланысты болды. Яғни биліктің эволюциясына байланысты «кіші хан» атағы өзінің Керей мен Жәнібек көздеген алғашқы мақсатынан айрылып, орталық биліктен айтарлықтай тәуелсіз билік институттың қалыптасуына алып келді. Қазақ мемлекеттігінің көрінісі ретінде хандық билік өзінің негізгі қызметін көп жағдайда тиімді атқара алды. «Ханская власть, олицетворявшая вершину государственного механизма, опиралась на аппарат принуждения и насилия в лице армии, органов охраны порядка, судебных органов, в частности суда биев и некоторых других карательных учреждений» [33. 211].

Алайда орталық хандық биліктің күшеюі заман талабы еді. Қазақ хандығы өмірінің алғашқы кезеңінде айтарлықтай күшті орталық биліктің болуы сыртқы жаулардан қорғану мақсатында қажет болатын. Бұл Керей мен Жәнібектің күшті хандық билік құруына жағдай жасады. «Объективно сложившиеся исторические обстоятельства настоятельно требовали достаточно основательного укрепления и решительного усиления ханской власти, а, следовательно, и власти предводителей родов, племен и улусов – союза племен, входивших в структуру ханской формы государственного объединения. Сильная власть предводителей родов, племен и улусов и их беспрекословное подчинение власти хана, нужны были последнему для оперативной мобилизации сил ханства перед лицом внешней опасности, в целях осуществления неожиданных набегов на соседние племена» [1. 111].

Әскер құру принципінде Керей салған жүйе хандық билік жойылғанша сақталып отырды деп айтуға толық негіз бар. Қазақ әскерінің негізін еркін көшпеліден тұратын жасақ құрады. Жасақ

рулық-тайпалық принцип бойынша құрылды. «Войско Казахского ханства формировалось из вооруженных отрядов ханов, султанов, биев и народного ополчения. Каждый род, жуз имели свое знамя (тамгу) и свой боевой клич (уран), но все войско выступало под одним небесно-голубым знаменем и ураном ханства» [34. 17]. Бұл Қазақ хандығының Шыңғыс хан империясынан алған тағы да бір ерекшелігі екендігін байқау қыын емес [17. 43]. Қазақ әскерінің бұрынғы жүйеге сәйкес бөлінуі бұл жүйенің дала жағдайындағы тиімділігін көрсетсе керек.

Қазақ қоғамында әскердің алатын орнының ерекшелігін академик Баймаханов былай түсіндіреді: «Қазақстан жерін мекендеген тайпалар мен ұлыстардың мемлекет құруының тағы бір ерекшелігі, бұл процестегі армияның ұлken ролінің болуы. Ол бірден-ақ құғын-сұргін мәжбүрлеу механизмінде басты орын алды. Қандайда бір режимнің тағдыры, биліктің жүзеге асырылу сипаты соған тәуелді болды» [35. 518].

Бас қолбасшы болып хан сайланды. Кейде бас қолбасшылық міндеттері сайлау негізінде өзін дарынды көрсете алған адамдарға өтетін. Мұны жаугершілік заманда бас хан атағына ие бола алмаған Әбліхайыр ханның бас сардар болып сайлануынан көруге болады. Дегенмен, бірқатар тарихшылар бас қолбасшы ретінде болашақ хан ханзада сайланатындығын айтады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде бұл институттың туындаған жағдайға байланысты өзгеріп отырғандығы байқалады. Мысалы: Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей әскерлөрді өзі басқарған белді қолбасшы болған. Ал Есім ханның хандық құру кезеңінің соңында бас сардар ретінде Салқам Жәңгірдің болғандығы белгілі. Кейде қазақ әскерінде бас қолбасшылық екі адамның қолында болады. Осылайша, көп деректерде қолбасшы ретінде екі ханның аталатындығы кездеседі. Мысалы: Керей мен Жәнібек, Есім мен Тұрсын хандардың аттары бірге аталады. Демек, бұл институт нақты қалыптасып отырған саяси жағдайға байланысты реформацияға ұшырап отыратындығы айқын аңғарылады. Қорыта айтқанда, қолбасшылық саяси қызмет ретінде белгілі.

Керей ханнан кейін билік құрған Жәнібек ханның тұсында жаңа хандықтың өзіндік құрылымы мен заң жүйесі жөнге тұсті [6. 15]. Оның саяси ойлары Қазақ хандығының іргесін кеңейту, тәуелсіздігін қамтамасыз ету төңірегінде болды. Жәнібек ханның ақылдылығынан аты анызға айналып, оны «әз» эпитетімен қосып айтып, «әз-Жәнібек» деп атап кетеді. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «По преданиям известно, что Джанибек был государь мудрый [аз], вот отчего киргизы называют

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

его не иначе, как с эпитетом Аз [Джанибек], и известно, что визирем его был умный и красноречивый Джиренче-Чечен» [25. 165].

1473-1480 жылдары билік құрған Жәнібек Түркістан өңірінде ықпалын қүштегі тұрысты. Жәнібектің ойы бойынша өз үйінің кілті қалтаңда болса ғана қауіпсіздік орын алады. Ал, Қазақ хандығының кілті Сырдария бойында орналасқан қалалар болатын. Осы қалаларға бақылау орнату Қазақ хандығының сыртқы саясатында әр кезеңде әр түрлі деңгейде белді орын алып отырған. «Генеральной линией внешней политики Казахского ханства на первых этапах его существования стала задача распространения власти правящей династии потомков Урус-хана на весь присырдарынский пограничный район и установление при опоре на его укрепления и экономические ресурсы более или менее прочного военно-стратегического контроля над зависимыми группировками кочевников» [16. 131].

Барлық құшті алдымен өзбек ханы Әбілхайырмен, ал кейінгі кезеңде Шайбанимен болған қақтығыстарға шоғырландырған Қазақ хандығы басқа көршілерімен жақсы қатынастар ұстап отырды. Олардың ішінде ойраттар да бар болатын. «Необходимость сосредоточить все силы и средства казахских феодалов для борьбы против узбекского хана Абулхайра, а затем против Шейбани и шейбанидов заставляла казахских феодалов поддерживать мирные связи с другии своими соседями, например с ойратами, отношения с которыми целое столетие не были омрачены конфликтами» [14. 40].

Ал, жалпы Жәнібектің тұсындағы Қазақ хандығы Ноғай ордасы мен Қазақ хандығы бейбіт, тұтас өмір кешкен заман болып есептеледі. «время управления Джанибека, когда две родные орды ногаев и казаков жили вместе, воспевается в киргизских поэмах, как золотой век. К этому времени принадлежит большая часть преданий, нравственные изречения Джиренчи-Чечена (мудрого), Джанибека и ногайского философа Асана Горемычного (Асан-Кайы) употребляются степняками до сих пор» [25. 165].

Қазақ хандарының мемлекет өмірінің алғашқы кезеңіндегі маңызды реформалары будан кейінгі дәуірдегі хандықтың дамуы мен өркендеуіне қуатты негіз қалыптастырды. Мемлекеттік институттардың дәстүрлі түркі мемлекетінің институттарына тән ерекшеліктерінің болуы Қазақ хандығын толыққанды функционалды қызметтерін орындауға мүмкіндік берді.

Қазақ хандары елмен бірге көшіп-қонып отырды. Мұның өзі ханның қасында ел үстінен өмір сүретін шенеуніктік аппарат ұстаяуға

мүмкіндік бермеді. «Ханның жаңында оның ұландарының рөлін атқарған төлеңгітері болды. Төлеңгітер соғыс жағдайында ханның жеке гвардиясының рөлін атқарса, бейбіт кезенде оның шаруашылығын ұйымдастырып, алым-салық жинау, құзет жұмысын атқару, тіпті чиновниктің рөлін де орындады» [18. 47].

Заман талабының күрделенуі жағдайында мемлекеттің кемелденуіндегі даму векторы анықталған осы кезең Қазақстан тарихында ең маңызды орын алудың заңды етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сегизбаев О.А. *Казахская философия XV-начала XX века*. – Алматы: Фылым, 1996. – 472 с.
2. Бартольд В.В. *Тюрки*. – Алматы: Жалын, 1998. – 192 с.
3. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
4. өсерұлы Н. *Қазақтың үкім-кесімдері*. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 104 бет.
5. Абайдельдинов Е.М. *Политико-правовая история*. – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
6. Мағауин М. *Қазақ тарихының әліппесі*. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 бет.
7. *Қазақстан тарихы. Очерктер*. Құрастырушы: Ю.И. Романов. – Алматы: Дәүір, 1994. – 447 бет.
8. Қышқашұлы С. *Қазақ мемлекеттің туы тұнғыш рет қайда тігілген?* // Материалы III Международной конференции, посвященной 500-летию государственного деятеля средневековья Центральной Азии, Великому ученому-историку Мухаммеду Хайдару Дулати на тему «Казахстан и мировая цивилизация: история и современность». – Тараз: 1999. – 110-124 беттер.
9. Кәрібаев Б.Б. *Мұхаммед Хайдар мырза Дулати еңбегі және Қазак хандығының құрылуды мәселелері, оның барысы мен кезендері* // Материалы III Международной конференции, посвященной 500-летию государственного деятеля средневековья Центральной Азии, Великому ученому-историку Мухаммеду Хайдару Дулати на тему «Казахстан и мировая цивилизация: история и современность». – Тараз: 1999. – 125-131 беттер.
10. Аспендияров С. *Қазақстан тарихының очерктері*. – Алматы: Санат, 1994. – 120 бет.
11. Кенжебаев Б. *Түрік қаганатынан бүтінге дейін*. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 бет.
12. Құдайбердіұлы Ш. *Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі*. – Алматы: Қазақстан және Сана, 1991. – 80 бет.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан Летопись трех тысячелетий*. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 383 с.
14. Златкин И.Я. *История Джунгарского ханства*. Изд. второе. - М.: Наука, 1983. – 335 с.
15. Кул-Мухаммед М. *Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед*. – Алматы: Атамұра, 1995. – 240 с.

III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

16. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. *История Казахстана. Народы и культуры.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.
17. Карпини П., де Рубрук Г. *Путешествия в Восточные страны.* – Алматы: Гылым, 1993. – 248 с.
18. Маймақов Ф. *Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы.* – Алматы: Гылым, 2000. – 176 бет.
19. Моисеев В.А. *Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв.* – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 240 с.
20. Артықбаев Ж.О. *12 лекций по истории Казахстан.* – Астана: Фолиант, 2001. – 144 с.
21. Зиманов С., өсеров Н. *Қазақ әдем-ғұрып заңдарына шариаттың әсері.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 128 бет.
22. Валиханов Ч.Ч. *О мусульманстве в степи* // Собрание сочинений в пяти томах. - Алматы: Қ.С.Ә., 1985. - Т.4. - С. 71-75.
23. Сапаргалиев Г.С., Дьяков В.А. *Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане.* – Алма-Ата: Наука, 1972. – 252 с.
24. Сапаргалиев Ф., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.
25. Валиханов Ч.Ч. *Киргизское родословие* // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Ә., 1985. – Т. 2. – С.148-166.
26. Данияров К. *История Казахского государства.* – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.
27. *Қазақтың кеңе тарихы.* Дайындаған М.Қани. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 бет.
28. Мыңжан Н. *Қазақтың қысқаша тарихы.* – Алматы: Жалын, 1994. – 400 бет.
29. Сарсембаев М.А. *Международно-правовые отношения государств Центральной Азии.* – Алматы: Гылым, 1995. – 368 с.
30. Вяткин М. *Батыр Сръим.* – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
31. Хазанов А.М. *Кочевники и внешний мир.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.
32. Абусеитова М.Х. *Из истории внешнеполитических связей Казахского ханства с соседними государствами во второй половине XVI в.* // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 165-176.
33. Баймаканов М.Т. *Становление казахской государственности* // Избранные труды по теории государства и права. - Алматы: Әділет, 2003. – С. 210-220.
34. Нурпеисов Е.К., Котов А.К. *Государство Казахстан: от ханской власти – к Президентской Республике.* – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 88 с.
35. Баймаканов М.Т. *Мемлекет теориясының негіздері* // Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: Әділет, 2003. – 510-525 беттер.